

## Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерін орталықтандырылған басқару жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2018 жылғы 27 наурыздағы № 25/ке бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 19 сәуірде № 16783 болып тіркелді.

"Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 21-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРДАМЫШ**:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының м.а. 30.11.2022 № 90/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерін орталықтандырылған басқару жүйесінің жұмыс істеу қағидалары бекітілсін.

2. "Телекоммуникациялар желілерінің өзара іс-қимыл жасауы мен орталықтан басқарудың бірыңғай қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі 2015 жылғы 29 қаңтардағы № 66 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10465 болып тіркелген, 2015 жылғы 3 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 5-қызметі (Қонқашев Ш.Р.):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялауға мерзімді баспасөз басылымдарына жіберуді;

4) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

КЕЛІСІЛГЕН

Қазақстан Республикасы

Ақпарат және коммуникациялар

министрі

Д. Абаев

2018 жылғы 30 наурыз

КЕЛІСІЛГЕН

Қазақстан Республикасы

Корғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі

министрі

Б. Атамқұлов

2018 жылғы 28 наурыз

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Төрағасының

2018 жылғы 27 наурыздағы

№ 25/ке бүйрекімен

бекітілген

## **Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерін орталықтандырылған басқару жүйесінің жұмыс істеу қағидалары**

**Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - КР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының м.а. 30.11.2022 № 90/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерін орталықтандырылған басқару жүйесінің жұмыс істеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 21-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерін орталықтандырылған басқару жүйесінің жұмыс істеу тәртібін айқындайды.

2. Қағидалар Қазақстан Республикасының бірынғай телекоммуникациялар желісін құрайтын телекоммуникация желілеріне қолданылады.

3. Қағидаларда мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) абонент – байланыс қызметтерін көрсетуге шарт жасалған жеке немесе заңды тұлға;

2) байланыс операторы – Қазақстан Республикасы аумағында тірелген байланыс қызметтерін көрсететін және (немесе) байланыс желілерін пайдаланатын жеке немесе занды тұлға;

3) интернет-трафик – белгілі уақыт аралығында Интернетпен қосылу арқылы жіберілетін және алышатын ақпарат қолемі;

4) Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерін орталықтандырылған басқару жүйесі (бұдан әрі – басқару жүйесі) – телекоммуникациялар желілерін орталықтандырылған басқару үшін аппараттық-бағдарламалық кешенді және байланыс арналарын қамтитын, басқарушы өлшемдерді қалыптастыру және олардың орындалуын бақылау жөніндегі ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар кешені;

5) қалааралық байланыс операторы – қалааралық байланыс желісін, қалааралық коммутация станцияларын иеленетін және (немесе) пайдаланатын әрі қалааралық телефон байланысы қызметтерін көрсететін тіркелген байланыс операторы;

6) қалааралық және халықаралық байланыс операторы – қалааралық және халықаралық байланыс желілерін, қалааралық және халықаралық коммутация станцияларын иеленетін және (немесе) пайдаланатын әрі трафик транзиті және басқа байланыс операторларына желілік ресурстарды беру бойынша қалааралық және халықаралық телефон байланысы қызметтерін көрсететін тіркелген байланыс операторы;

7) басқару жүйесінің байланыстыру арнасы (бұдан әрі – байланыстыру арнасы) – басқару жүйесінің екі торабын қосатын және байланыс операторының желілеріндегі асиметриялы трафик туралы ақпаратты жіберуді қамтамасыз ететін байланыс арнасы;

8) басқару жүйесін басқару арнасы (бұдан әрі – басқару арнасы) – басқару жүйесінің торабын орталық тораппен қосатын және басқару жүйесінің торабы мен басқару орталығы арасында қызметтік ақпаратты (бейнебақылау жүйесінің деректері, трафиктің жай-күйі туралы статистикалық деректер, басқару параметрлері туралы мәліметтер, инфрақұрылымның жай-күйі туралы деректер) жіберуді қамтамасыз ететін байланыс арнасы;

9) басқару жүйесінің ішкі шеңбері – басқару жүйесін басқару мен жұмыс істеуіне арналған оқшауланған байланыс желісі;

10) басқару жүйесінің орталық торабы – басқару жүйесін басқарудың кіші жүйесі орналасқан обьект;

11) басқару жүйесінің торабы – басқару жүйесінің жабдығы орналасқан обьект;

12) трафикті өткізу – байланыс қызметтерін (телекоммуникация желілерін) пайдаланушылар арасында жалғанымды орнату және ақпарат беру процесін жүзеге асыру;

13) халықаралық байланыс операторы – халықаралық байланыс желісін, халықаралық коммутация станциясын иеленетін және (немесе) пайдаланатын әрі

халықаралық телефон байланысы қызметтерін көрсететін тіркелген байланыс операторы;

14) халықаралық түйісу нұктесі – Қазақстан Республикасының халықаралық байланыс операторының халықаралық коммутациялық станциясын басқа мемлекеттердің байланыс операторларының халықаралық коммутациялық станцияларымен қосуға арналған телекоммуникациялар құралдары;

15) шетелдік байланыс операторлары – Қазақстан Республикасы аумағынан тыс байланыс қызметтерін көрсететін жеке немесе заңды тұлғалар.

4. Қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторларының шетелдік байланыс операторларымен өзара іс-қимылы тек қана басқару жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

4-1. Шет мемлекеттің аумағындағы шетелдік спутниктік байланыс операторларының жерусті телекоммуникация желілері арқылы ұйымдастырылған спутниктік байланыс желілерінің халықаралық түйісу нұктелерін тіркеу осы Қағидалардың 10 және 11 тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. Қағидалар 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Тәрағасының 31.07.2024 № 107/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4-2. Спутниктік байланыстың абоненттік құрылғысын Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан және Қазақстан Республикасының бірынғай телекоммуникация желісіне қосылған спутниктік байланыс операторының жерусті станциясымен қосуды спутниктік байланыс операторлары қамтамасыз етеді.

Спутниктік байланыстың абоненттік құрылғысын шетелдік спутниктік байланыс операторының шет мемлекеттің аумағындағы жерусті станцияларымен қосқан кезде спутниктік байланыстың абоненттік құрылғысының шығыс трафигі тіркелген халықаралық түйісу нұктесі арқылы өтетін қорғалған байланыс арналары бойынша спутниктік байланыс операторының Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан жерусті станциясына қайта жіберіледі.

Спутниктік байланысты ұйымдастырудың аталған шарттары геостационарлық емес спутниктер қолданылатын байланыс желілерін пайдалану жөніндегі пилоттық жобаларға қолданылмайды.

**Ескерту. Қағидалар 4-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Тәрағасының 31.07.2024 № 107/ке (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторлары шетелдік байланыс операторларымен трафик алмасуды Заңның 25-бабы 3-тармағының талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

6. Қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторлары өздерінің байланыс желілерін пайдалануға енгізуді олар осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен басқару жүйесіне қосылғаннан кейін ғана жүзеге асырады.

7. Қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторлары басқару жүйесіне қосылған кезде Қазақстан Республикасының тиісті облысының немесе респубикалық маңызы бар қаласының барлық абоненттерінің интернет-трафигін сол облыстың немесе респубикалық маңызы бар қаланың аумағында орналасқан басқару жүйесінің торабы арқылы өткізуді жүзеге асырады.

Қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторының және/немесе "Мемлекеттік техникалық қызмет" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – МТК) тиісті облыстың немесе респубикалық маңызы бар қаланың барлық абоненттерінің немесе оның бөлігінің интернет-трафигін басқару жүйесінің торабы арқылы өткізуге техникалық мүмкіндігі болмаған жағдайда, қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторлары осы интернет-трафикті басқа облыстың немесе респубикалық маңызы бар қаланың басқару жүйесінің торабы арқылы өткізуді жүзеге асырады.

8. Басқару жүйесіне қосылмаған байланыс операторлары облыстар мен респубикалық маңызы бар қалалар арасында интернет-трафикті басқару жүйесіне қосылған қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторларының желілері арқылы өткізуді жүзеге асырады.

## **2-тарау. Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерін орталықтандырылған басқару жүйесінің жұмыс істеу тәртібі**

### **1-параграф. Халықаралық түйісу нұктелерін ұйымдастыру, тіркеу және пайдалану**

9. Қазақстан Республикасының халықаралық байланыс операторы өзінің халықаралық коммутациялық станциясын шетелдік байланыс операторларының халықаралық коммутациялық станциясымен қосу үшін халықаралық түйісу нұктесін ұйымдастыруды жүзеге асырады.

10. Халықаралық түйісу нұктесін тіркеу үшін халықаралық байланыс операторы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МТК-ға шетелдік байланыс операторларымен халықаралық түйісу нұктесін тіркеуге өтініш жолдайды.

11. Халықаралық түйісу нұктесін тіркеуге өтінішті алғаннан кейін МТК 10 жұмыс күні ішінде халықаралық байланыс операторына халықаралық түйісу нұктесінің тіркеу нөмірін жібереді.

12. Халықаралық байланыс операторы тіркеу нөмірін алғаннан кейін халықаралық түйісу нұктесін пайдалануға енгізуді жүзеге асырады.

Халықаралық түйісу нұктесін пайдалану халықаралық байланыс операторы оны тіркеу туралы өтініште көрсеткен мақсаты мен міндетіне сәйкес жүзеге асырылады.

13. Шетелдік байланыс операторларымен халықаралық түйісу нұктесінің сыйымдылығы өзгерген жағдайда, халықаралық байланыс операторлары жоспарлы өзгертуге дейін кем дегенде 10 жұмыс күні бұрын, ал төтенше жағдайдарда 5 жұмыс күні бұрын Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, МТҚ-ға шетелдік байланыс операторларымен халықаралық түйісу нұктесінің сыйымдылығын өзгерту туралы хабарлама жолдайды.

14. Халықаралық түйісу нұктесін таратқан жағдайда халықаралық байланыс операторлары Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МТҚ-ға шетелдік байланыс операторларымен түйісу нұктесін тарату туралы хабарлама жолдайды.

## **2-параграф. Ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар кешені, басқарушы өлшемдерді қалыптастыру**

15. МТҚ басқару жүйесі арқылы Заңның 14 және 41-1-баптарының талаптарын орындауға бағытталған ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар кешені мен басқарушы өлшемдерді қалыптастыруды мынадай тәртіппен іске асырады:

1) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарынан және (немесе) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органынан алынған нұсқама негізінде желілер және (немесе) байланыс құралдары, интернет-ресурстар тізімін қалыптастырады;

2) нұсқамада көрсетілген желілер және (немесе) байланыс құралдары, интернет-ресурстар тізімі үшін басқару жүйесіне басқару параметрлерін (қағидалар жиынтығын) енгізеді;

3) басқару жүйесінде енгізілген басқарушы параметрлердің дұрыс орындалуын тексеруді жүзеге асырады;

4) Ақпараттық жүйелерді немесе электрондық құжат айналымы жүйесін пайдалана отырып, нұсқаманың орындалуы туралы хабарламаны Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына және (немесе) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органға жібереді.

МТҚ жабдықты техникалық сүйемелдеуді, басқару жүйесінің бағдарламалық қамтамасыз етуін жаңартуды, баптауды және басқару жүйесінің жұмысындағы іркілістерді жоюды қамтитын басқару жүйесінің жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар кешенін тәулік бойы жүзеге асырады.

## **3-параграф. Қолданыстағы байланыс құралдарына және оларды басқаруға қойылатын талаптар, байланыс желілерінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, байланыс желілерін пайдалануға енгізу және олардың орындалуына бақылау жасау**

16. Байланыс құралдарына және оларды басқаруға мынадай талаптар қойылады:

1) байланыс және оларды басқару құралдары Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес сертификатталады;

- 2) басқару жүйесін басқаруға қатысатын байланыс құралдары мыналарды қамтиды:
- әкімшілердің артықшылық деңгейлерін конфигурациялау;
  - әкімшілердің іс-әрекеттерін логтау;
  - желілік шабуылдардан қорғау;
  - физикалық және логикалық порттардың жай-күйін бақылау;
- 3) басқару және байланыстыру арналарын резервтеу тәуелсіз географиялық трассалар бойынша ұйымдастырылатын тәуелсіз айналма жолдарын беру арқылы жүзеге асырылады;
- 4) басқару және байланыстыру арналары ұйымдастырылған басқару жүйесінің жабдығы үздіксіз қуат көздерінен электр қоректендірумен қамтамасыз етіледі.

17. Байланыс арналарында ақпараттық қауіпсіздік:
- 1) басқару және байланыстыру арналарын жазылған маршруттау алгоритмдері мен қауіпсіздік саясаты бар байланыс құралдары арқылы басқару жүйесінің ішкі шеңберіне қосумен;
  - 2) басқару жүйесінің ішкі шеңберіне қосылуды қамтамасыз ететін басқару және корреляция арналарын резервтеуді жүзеге асырумен;
  - 3) басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын басқару және байланыстыру арналарына физикалық қолжетімділікті бақылауды жүзеге асырумен;
  - 4) криптографиялық қорғау құралдары пайдаланылып ұйымдастырылған арналарды қоспағанда, басқару жүйесінің ішкі шеңберін Интернет желісінен оқшаулаумен қамтамасыз етіледі.

18. Осы параграф ережелерінің орындалуын бақылауды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастырын байланыс саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды, байланыс саласында қызметтерді ұсынатын немесе оларды пайдаланатын тұлғалардың, оның аумақтық бөлімшелерінің қызметін мемлекеттік бақылауды, үйлестіру мен реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган Заңның 2-тaraуында айқындалатын құзыреттері шеңберінде жүзеге асырады.

19. Өзінің телекоммуникация желілерін басқару жүйесіне қосу үшін қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МТК-ға басқару жүйесіне қосудың техникалық шарттарын беруге өтініш жолдайды.

20. МТК қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторының өтінішін алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша басқару жүйесіне қосылудың техникалық шарттарын (бұдан әрі – техникалық шарттар) береді.

Өтініште дұрыс емес ақпарат көрсетілген жағдайда, МТК өтінішті алған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс

операторына бас тарту себептері негізделген техникалық шарттарды беруден бас тарту жібереді.

21. Қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы техникалық шарттарды алған күннен бастап немесе берілген техникалық шарттардың қолданысы басталатын күннен бастап (бұл ретте техникалық шарттардың қолданысы басталатын күн техникалық шарттар берілген күннен бастап 3 айдан кешіктірілмеуі тиіс) күнтізбелік 30 күннің ішінде берілген техникалық шарттарға сәйкес басқару жүйесіне қосылу жөніндегі қажетті техникалық іс-шараларды жүргізеді. Қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы электрондық пошта арқылы МТК-ға хабарлама жіберіп, телефон байланысы арқылы жұмыс тәртібімен келісілгеннен кейін интернет-трафикті өткізуі жүзеге асырады.

22. Қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы берілген басқару жүйесіне қосылудың техникалық шарттарына сәйкес байланыс арнасын таратуға дейін 5 жұмыс күні бұрын МТК-ны жазбаша хабардар етеді.

**4-параграф. Қалааралық және халықаралық байланыс операторларының басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті байланыс желілерін және арналарын ұсынуы**

23. МТК басқару жүйесінің жұмыс істеуіне қажетті байланыстыру арналары мен басқару арналарының санын, сондай-ақ олардың өткізу қабілетін есептеуді жүргізеді және қалааралық және халықаралық байланыс операторларына орындалған есептеулердің нәтижелерімен хат жібереді.

Қалааралық және халықаралық байланыс операторлары алынған есептеулерге сәйкес өз қаражаты есебінен басқару жүйесінің жұмыс істеуіне қажетті байланыстыру арналары мен басқару арналарын, сондай-ақ байланыс желілерін ұсынады.

24. МТК байланыстыру арналары мен басқару арналарын қалааралық және халықаралық байланыс операторларының орналасқан нүктелерінде басқару жүйесінің тораптарына қосуды жүргізеді.

25. Байланыстыру және басқару арналарының жұмысында кідірuler немесе зақымдалулар орын алған жағдайда МТК қалааралық және халықаралық байланыс операторын жазбаша хабардар етеді.

Хабарламаны алғаннан кейін қалааралық және халықаралық байланыс операторы оларды қалпына келтіру немесе олар зақымдалған жағдайда арналарды ауыстыру бойынша шаралар қолданады.

26. Қалааралық және халықаралық байланыс операторының жаңа телекоммуникация желілерін басқару жүйесіне қосқан жағдайда, МТК қосудан кейін күнтізбелік 30 күн ішінде байланыстыру арналарының өткізу қабілетінің көлемін есептеуді жүргізеді және ол ұлғайған жағдайда қалааралық және халықаралық байланыс операторларына байланыстыру арналарын кеңейту үшін қажетті көлемді көрсете отырып, хат жібереді.

МТК көрсеткен көлемге сәйкес қалааралық және халықаралық байланыс операторлары байланыстыру арналарының өткізу қабілетін жоғарылатады.

Қазақстан Республикасының  
телекоммуникация желілерін  
орталықтандырылған басқару  
жүйесінің жұмыс істеу  
қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

## **Шетелдік байланыс операторларымен халықаралық түйісу нүктесін тіркеуге ӨТІНІШ**

---

---

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе занды тұлғаның атауы)

---

(шетелдік байланыс операторының атауы) шетелдік байланыс операторымен трафик

алмасуды жүзеге асыру үшін

---

(халықаралық түйісу нүктесінің мақсаты мен пайдалануға енгіуздің міндепті)

---

(түйісу нүктесінің географиялық координаттары, жабдық пен оның орналасқан орны

туралы мәліметтер)

---

(техникалық параметрлері: трафиктің көлемі, түрі) халықаралық түйісу нүктесін тіркеу

жүргізуді сұрайды.

(қолы, күні)

Мөр орыны (бар болса)

Қазақстан Республикасының  
телекоммуникация желілерін  
орталықтандырылған басқару  
жүйесінің жұмыс істеу  
қағидаларына  
2-қосымша

**Шетелдік байланыс операторларымен халықаралық түйісу нұктесінің сыйымдылығын өзгерту туралы ХАБАРЛАМА**

Түйісу нұктесінің тіркеу нөмірі №\_\_\_\_\_

(мемлекеттік техникалық қызмет берген)

(жеке тұлғаның тегі, аты, экесінің аты (бар болса) немесе занды тұлғаның атауы) түйісу нұктесінің сыйымдылығын өзертетіні (ұлғайту/азайту) туралы хабарлайды

(түйісу нұктесінің географиялық координаттары, жабдық пен оның орналасқан орны

туралы мәліметтер)

(жана техникалық параметрлері: трафиктің көлемі, түрі)

(жалпы түйісу сыйымдылығы: Гбит / с)

шетелдік байланыс операторымен трафик алмасуды жүзеге асыру үшін

(шетелдік байланыс операторының атауы)

(қолы, күні)

Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерін орталықтандырылған басқару жүйесінің жұмыс істей

қағидаларына

3-қосымша

Нысан

**Шетелдік байланыс операторларымен түйісу нұктесін тарату туралы ХАБАРЛАМА**

Түйісу нұктесінің тіркеу нөмірі

№\_\_\_\_\_

(мемлекеттік техникалық қызмет берген)

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе занды тұлғаның атауы)  
түйісу нүктесін таратады \_\_\_\_\_

(түйісу нүктесінің географиялық координаттары, жабдық пен оның орналасқан  
орны  
туралы мәліметтер)  
 себебі бойынша \_\_\_\_\_

(қолы, күні)

Мөр орыны (бар болса)

Қазақстан Республикасының  
телекоммуникация желілерін  
орталықтандырылған басқару  
жүйесінің жұмыс істеу  
қағидаларына  
4-косымша  
Нысан

## Телекоммуникация желілерін орталықтандырылған басқару жүйесіне қосу үшін техникалық шарттар беруге ӨТІНІШ

Қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы

атынан негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_

(байланыс операторы) (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы)

Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерін орталықтандырылған  
басқару жүйесіне қосылудың техникалық шарттарын беруді сұрайды:

|   |  |
|---|--|
| Байланыс операторы                                    |  |
| Занды мекенжайы/тұрғылықты жері                       |  |
| Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі |  |
| Косылу мекенжайы                                      |  |
| Арналар саны  |  |
| Откізу қабілеті                                       |  |
|   |  |

Жауапты орындаушының тегі, аты, экесінің аты (бар болса)

Жауапты орындаушының телефоны

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

(қолы)

Мөр орыны (бар болса)

Қазақстан Республикасының  
телекоммуникация желілерін  
орталықтандырылған басқару  
жүйесінің жұмыс істеу

қағидаларына

5-қосымша

Нысан

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

**Телекоммуникация желілерін орталықтандырылған басқару жүйесіне қосылуға арналған №  
ТЕХНИКАЛЫҚ ШАРТТАР**

|  |  |
|--|--|
| Қалааралық және халықаралық байланыс операторының атауы  |  |
| Объектінің атауы мен мекенжайы   |  |
| Қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторының сыртқы интернет-арнасының атауы   |  |
| Қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторынан Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерін орталықтандырылған басқару жүйесіне дейін қосу өлшемдері |  |
| Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерін орталықтандырылған басқару жүйесінен қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторына дейін қосу өлшемдері |  |
| Қазақстан Республикасының телекоммуникация желілерін орталықтандырылған басқару жүйесіне қосуға қойылатын талаптар   |  |
| Мемлекеттік техникалық қызметтің нөмірлеуіне сәйкес арнаның нөмірі   |  |
| Техникалық шарттың жарамдылық мерзімі  |  |
| Мемлекеттік техникалық қызмет атынан жауапты тұлға   |  |